

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Қасымбекова Гулзакира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	27.02-03.03.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтау; ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауға дағдыландыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға өздерінің еңбегі туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру.
	Ойын жаттығулар Мақсат-міндеттер. Альбомдар мен сюжеттік суреттерді қарастыру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) "Мозаика", "Құрастырғыш"	"Ою саламыз" саусақ жыттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын,	"Ол не?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету. Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші	"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар)	«Ата-аналарға қамқорлық жасау» Ойын мақсат-міндеттер: елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады.

	ойындары. Максат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (математика негіздері, құрастыру)	жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту)	матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай жұмбақ айтады: Бойы әр түрлі, жұмбағымды тыңдашы, Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты. Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей, Жиналғанда бір ойыншық сияқты. Ойынды қайталап өткізгенде балалардың ынтасын туғызу үшін матрешка туралы кітаптарды көрсетуге болады. Осыдан	Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды: - анаң ауырып қалды; - анаң жұмыстан шаршап келді; - анаңның көңіл-күйі жоқ; - анаңның шаруасы көп; - әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды. Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соңында педагог балалардан өмірлік
--	---	--	--	---

			кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, соңынан қайтадан құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді. Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенін анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған		жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)
--	--	--	--	--	--

			болып есептеледі. Ойын бір- екі рет қайталанады. Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)		
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (доппен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды. 2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті,				

	құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Ойын жаттығуы: Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. <i>Көркем сөз.</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Көңіл-күйді анықтау» Ойынның мақсат-міндеттер: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу. Педагог балаларға	Көктем мезгілі, табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	«Сыпайы өтініш» Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық

	айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір-бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-бірінің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар		береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысыз, қайырымды Аспан ата! Армысыз, мейрімді Жер - Ана! Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн! Қуан, шаттан алақай! (сөйлеуді дамыту)	дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қайырлы таң балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң балалар! Аман Отан панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң балалар! (сөйлеуді дамыту)
--	---	--	--	--	---

	қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Қарлығаштай қайратты". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеуге үйрету.	Дене шынықтыру "Қайратты боламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеу және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсу жаттығуларын жасауды дағдыларын дамыту.	Музыка "Аялайық, аналарды бәріміз!" Мақсат-міндеттер. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір	Дене шынықтыру "Биік секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірден, шеңберге қайта тұру, саптағы өз орнын табу; екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеуге үйрету; дене жаттығуларына қызығушылықтарын дамыту.	Қазақ тілі «Жыл құстары» Көктемге тән белгілердің қазақ тіліндегі атауларын таныстыруды жалғастыру (қар ериді, ағын сулар ағады, құстар ұшып келеді, күн жиі жарқырайды). Балалардың ұғымындағы құстар және олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін бекіту (құстар ұя салады, балапан басып шығарады). Сыртқы түрінің

			мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.		ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту (қауырсын, қанаттар, күйрық, екі аяқ, тұмсық, құстарға тән қимыл-әрекеттер).
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Сүнгі мұздарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу,	Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Жинағыш көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен	Жүргізушінің жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен	Балабақша алаңында құстарды бақылау. (қоршаған

	сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды судың қасиеттерімен, оның әртүрлі күйлерімен таныстыруды жалғастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардағы мұз бен қарды тазарту). Мақсат-міндеттер: күректермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; тәуелсіздікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қыстайтын құстар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге, секіру кезінде	дамыту) Мақсат-міндеттер: көктем туралы түсініктерін кеңейту, қардың қасиеттерін талдау, қарды бақылауды жалғастыру, қардың түсін (сұр, лас) қысқы түсімен салыстыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскеде қоқыс жинау). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Пойыз", "Маған қарай жүгіріңдер" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)	таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: көліктердің еңбекті қажет ететін жұмыстарды орындаудағы рөлі, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; сипаттама бойынша көліктердің бейнесін табу қабілеттерін шоғырландыру; технологияға деген қызығушылықты, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы құрғақ жапырақтарды, бұтақтарды жинау, оларды зембілге	танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: жүргізушінің жұмысымен, көлік бөлшектерінің атауларымен танысуды жалғастыру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (балабақша аумағын қоқыстардан тазарту.) (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз жүргізушілерміз", "	ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құстарды түстері, көлемі, дауысы арқылы тануға және ажыратуға үйрету; бақылау, есте сақтау қабілетін дамыту; құстарға деген достық қатынасты тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құмсалғыштағы құмды қазып алу.) Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу; жауапкершілікке үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түрлі-түсті көліктер".
--	---	---	--	---	--

	жаттығуға, бір қимылдан екінші қимылға ауыса білуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жол бойымен". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: зейінді, қимылдарды үйлестіруді дамыту.	Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: допты лақтыру және ұстау, ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру.	салу). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге деген құштарлықты ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім ең дәл?", "Ұстап ал". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ашық ойындарды ұйымдастырудағы дербестікті, ұқыптылықты, ептілікті, ережелерді сақтай білуді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жағалыққа жорғалап,	Торғайлар және көлік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды дамыту; ойынды ұйымдастырудағы тәуелсіздікке тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі бағдарды, тепе-теңдік сезімін жақсарту.	(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға үйрету; педагогтің белгісі бойынша, кез-келген бағытта бір-біріне соқтығыспай жүгіру; түстерді ажырату. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, орыннан жоғары секіру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: секіру қабілетін, жылдамдықпен күш біріктіре отырып, дене бұлшық еттерінің күштерін шоғырландыру қабілетін дамыту.
--	--	--	--	---	---

			жорғалай білу қабілетін бекіту.		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Ойын жаттығуы: Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. <i>Көркем сөз.</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу,	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.				

сауықтыру шаралары	Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Көктем сыйлаған көйлек". Мақсат-міндеттер. Балаларды мерекелі көйлек сұлбасының ортасында және төменгі жағындағы жолақты қарапайым ою элементтерімен безендіруге үйрету. Дидактикалық ойын "Суретші қай жерден қателесті?" Мақсат-міндеттер: баланың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қарлығаш туралы тақпақ жаттау". Мақсат-міндеттер. Балаларды жыл құсы қарлығаш туралы көркем сөзбен таныстыру, қарлығаштың тіршілігі жөнінде мағлұматтар беру. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Көктеммен бірге құс келді". Мақсат-міндеттер. Балалардың құстарды бақылай	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Торғай". Мақсат-міндеттер. Балалардың торғай туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, оның өмір сүру тіршілігімен таныстыру; торғайдың белгілері мен ерекшеліктері (сыртқы бейнесі, тамақтануы, түсі, көлемі және қыстайтын құсы), түрлері жайлы түсінік беру; көктемнің жаршысы құстар туралы білімдерін кеңейту.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Бантик таққан балапан". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз жолағын көлденең бойымен тең бөліктерге бүктемелеу амалдарына үйрету, жасалған гофра жинағын көлденең жіңішке жолақ арқылы жапсырып бөлуге машықтандыру. Музыкадан ойын-жаттығу "Анашым, анажаным".	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Көктемгі сыйлықтар". Мақсат-міндеттер. Балалардың геометриялық пішіндер жөніндегі білімін тиянақтау, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең" ұғымдарын түсінуін пысықтау; көктем мезгіліндегі құстардың тіршілігі жөніндегі түсінігінің аясын кеңейту, аналар мерекесіне сыйлық дайындау әдебімен таныстыру.

	Барысы: педагог суретшінің "Көктем" тақырыбына сурет салғанын айтады. Бала оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Бала көктем мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	отырып, оның ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту.	Ұлттық ойын. Білектесу. Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтактарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл	Мақсат-міндеттер. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне	"Жапалақ" қимылды ойыны. Ойыншылар ішінен жапалақ таңдалады. Басқа балалар құстар, қоңыздар, көбелектер болады. Жапалақ тоғайға (гимнастикалық қабырғаның бірнеше сатысына) шығады, ал қалған балалар «қанаттарын қағып», «ұша» бастайды. Педагог «Түн» деп айтқан кезде, құстар мен жәндіктер өз орындарында қозғалмай тұрып қалады. Қозғалып қойған ойыншыны жапалақ үйіне алып кетеді. Педагог «Күн» деп айтады, осы кезде жапалақ қайтадан тоғайға шығады. Ойын бірнеше рет
--	---	---	---	---	--

			білек күшінің жетілуіне көмектеседі. (дене шынықтыру)	тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.	қайталанғаннан кейін басқа жапалақ таңдалады және ойын әрі қарай жалғасады. (дене шынықтыру)
Балалармен жеке жұмыс	"Көктем" тақырыбында әңгімелесу (иллюстрацияларды қарастыру). Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. (сөйлеуді дамыту)	"Көктем" тақпағын жаттау. Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді. Бәйшешектер құлпырып, Деп тұрғандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті, Тастадық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті! К.Ыбырайұлы (көркем әдебиет)	Жыл мезгілі жайлы сұрақтар. Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Сиқырлы қылқалам". Мақсат-міндеттер. Дайын суреттерді бояу. (сурет салу)	Жаңылтпаштар айтқызу. Бір ақ шымшық, Екі ақ шымшық. Үш ақ шымшық, Төрт ақ шымшық. (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше				

	реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Ойын жаттығуы: Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. <i>Көркем сөз.</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Балалардың дербес әрекеті (баяу	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (көктем мезгілі, ауа райы, көктем мерекелері, наурыз мерекесі, салт-дәстүр) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (танымдық дағдылар, математика
--	--

	негіздері) Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу.	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?"

Әдіскер:

А.А.Сулейменова